

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МИНИСТРЛІГІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚҮЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ!

**«ЗАҢ БІЛІМ Ш ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ЖАҢАЛЫҒЫ»**

**атты ғылыми-әдістемелік семинар
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**21 қарата 2011
II шығарылым**

МАТЕРИАЛЫ

научно-методического семинара

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ ТРАДИЦИИ И НОВАЦИИ»**

**21 ноябрь 2011 г.
выпуск II**

Алматы
«Қазак университеті»

УДК 340:378
ББК 67.0:74.58
3-22

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми және қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының жанындағы Ғылыми-зерттеу орталығының шешімімен ұсынылған

Жауапты редакторлар:
Д.Л.Байдельдинов, Р.Е.Джансараева

Редакция алқасы:
П.М.Атаханова, А.Д.Байсалов, М.Қ.Бисенова,
Н.С.Жетібаев, Ш.Б.Маликова

«Заң білімін» жетілдірудің өзекті мәселелері: дәстүрлері мен жаңалығы». атты ғылыми-семинар материалдары, 21 қараша 2011 ж. - II шығарылым, - Алматы: Қазақ университеті, 2011.-58 б.

ISBN 978-601-239-211-1

Жинақта «Заң білімін» жетілдірудің өзекті мәселелері: дәстүрлері мен жаңалығы» атты ғылыми-әдістемелік семинарға қатысушылардың баяндамалары берілген.

В сборник вошли материалы научно-методического семинара: «Актуальные проблемы совершенствования юридического образования: традиции и новации» проведенного кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики Научно-исследовательским центром проблем борьбы с преступностью юридического факультета КазНУ им. Аль-Фараби 21 ноября 2011 г. Выпуск II

В материалах сборника отражены собственные видения авторов путей дальнейшего совершенствования юридического образования.

Сборник адресован преподавателям, докторантам, магистрантам. Студентам юридических вузов широкой научной общественности.

ISBN 978-601-239-211-1

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2011



,292-26-51.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Абдрашев Р.М. <i>Недостатки юридического образования, как один из факторов, обуславливающих неэффективность борьбы с коррупцией.</i>	4
Атаханова Г.М. <i>Заңгерлерді оқытудың танымдық іс-әрекетін жетілдіру.</i>	6
Джансараева Р.Е. <i>О некоторых проблемах совершенствования юридического образования.</i>	8
Джансараева Р.Е., Избасова А.Б. <i>Қазақстан Республикасындағы заң білімін беруді жетілдірудің өзекті бағыттары.</i>	14
Алимкулов Е.Т. <i>Құқықтғы пәндерді оқытудағы инновациялық әдістер.</i>	18
Берсугурова Л.Ш. Баяндина.М.О. <i>Қылмыстық іс жүргізу бойынша оқу сабақтарын жүргізудің интерактивті әдістері.</i>	20
Бисенова М.Қ. <i>Современные тенденции развития юридического образования.</i>	24
Бижанова А.Р. <i>Криминалогияны оқытуда интерактивті технологияны қолдану жолдары.</i>	25
Жетібаев Н.С. <i>Заңгерлерді дайындау барысында бітім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолданудың ерекшеліктері.</i>	28
Жугралина Б.М. <i>Применение проблемного метода обучения в учебном процессе.</i>	30
Даубасова С.Ш. <i>Кредиттік технологиялық оқыту жүйесінде студенттің өзіндік жұмысын орындауды жүзеге асыру жолдары.</i>	32
Маликова Ш.Б. <i>Заң білімін жетілдірудің қазіргі тенденциялары.</i>	37
Маликова Ш.Б. <i>Заңбілімін жетілдірудің кейбір аспектілері.</i>	38
Нұрмағанбет Е.Т. <i>Оқытудың озық технологиясын қолдану - бүгінгі күннің өзекті мәселесі.</i>	40
Тапалова Р.Б. <i>Организация самостоятельной работы студентов по криминалистике в кредитной технологии.</i>	46
Темірболат Н.С. <i>Криминалистикалық тактикадан сабақ өткізу кезінде интерактивті әдістерді қолдану мәселелері.</i>	48
Шопабаев Б.А. <i>Психологический подход к проблемам профессионального юридического образования.</i>	50

- студенттердің өзіндік білім алуының және өзіндік дамуының машықтарын қалыптастыру;

- кашықтықта білім беру жүйесін жетілдіру;

- отандық ғалым, оқытушылар және студенттердің халықаралық білім беру жобаларына қатысуын кеңейту;

- білім беру үдерісіне кен көлемдегі инновацияларды енгізу үшін жағдай жасау.

Осыған орай, заң білімін берудің басты мақсаты - жоғары оқу орнын бітіру нәтижесінде жоғары заң біліктілігі бар маманның кәсіби карьерасының басынан аяғына дейін, кәсіби қызметінің аясындағы жаңа міндеттерді шешу машығын, кәсібиөзін

өзі жетілдіруді камтамасыз ететін кәсіби потенциалға ие болуы.

Сәйкесінше, заң білімін берудің басты міндеті жоғары заң білімінің мазмұнын жалпы білім беру және кәсіби білім беру бағдарламаларының көмегімен қоғам қажеттілігіне үнемі бейімдеп отыру. Бұл дегеніміз, болашақ маманда барлық мүмкін және қол жетімді әдіс-тәсілдердің көмегімен тү-рақты түрде өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін сезіну болуы керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. 27 маусым 2007. №319-ІІІ. - www.zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazaklistan-ot-27.html

Маликова Ш.Б.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
кылмыстық цуңыц, қылыыстыц іс жүргізу
және криминалистика кафедрасының
доценті, з.г.к.*

ЗАҢ БІЛІМІН БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕІБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Қазақстанда саяси-элеуметтік және экономикалық басқарудың жаңа кемелденген жүйесінің қалыптасуы дәстүрлі және инновациялық тәжірибені ескере отырып, іргелі заңи негізде кадрларды дайындау және қайта дайындаудың қажет екендігін көрсетіп отыр. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру, басқарудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру, осы үдерістерді камтитын заңнаманы жаңарту заңи ойлаудың тапшылығын толтыруды, заңи сапалы білімді талап етеді. Сол себепті, заң білімін жетілдіру ұлттық білім беруді жаңғыртудың бірінші кезектегі бағыты болып табылады.

Заң білімін беру туралы сөз қозғағанда, заңгерлерді дайындау тек Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес жүргізіліп, кең тараған білім берудің ақылы үдерісіне қарсы тұруы қажет екендігіне басты назар аударылуы керек. Дегенмен де, заң білімін беру бағыты және мамандықтары бойынша Мемлекеттік білім беру стандарттары

ғылыми және педагогикалық мектептердің дамуына, олардың шығармашылық потенциалына кедергі келтірмеуі қажет. Осыған байланысты, кейбір жоғары оқу орындарындағы пилоттық режимде жіберілген эксперименталды білім беру бағдарламалары оқу орындарының біршама дербестігін білдіреді. Яғни, заң білімін берудің мазмұнын жаңғыртудың негізгі бағыттары жаңа білім беру технологияларын құруға бағытталуы қажет.

Инновациялық бағдарламалар, ақпараттық технологиялық ғасырында заң білімі аясы жылдым жаңару қабілетіне ие. Сол себепті де, Мемлекеттік білім беру стандарттары және оқу жоспарлары болашаққа бағытталып, білім беру кеңістігінің интеграциялық үдерістерін, мемлекеттің білім беру және басқару сапасына ықпалының күшеюін ескеруі қажет.

Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы заң білімін берудің әдеттегі ақпараттық

нысанынан, студенттердің танымдық және шығармашылық қабілеттерін анықтауға және дамытуға, оларда тұлғаның кәсіби қасиеттерін тәрбиелеуге, заңгерлердің тиімді кәсіби қызметін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін білім берудің жаңа нысанына қайта бағдарлану қажеттілігін білдіреді.

Кәсіби заң білімін берудің мазмұны тек дағдылы оқу үдерісі барысында қалыптасып қоймайды. Оқу-кәсіби тренингтер, қызметтің әртүрлі кәсіби түрлерін игеруге байланысты атқарылатын жұмыс түрлері, нақты заң тәжірибесіне үйрету білім берудің тұрақты құрамдас бөліктері болып табылуы қажет. Сондықтан да, қазіргі таңда заң білімін беруді жетілдіру оқытудың әртүрлі нысандары мен тәсілдерін үйлестіруді, ғылыми-педагогикалық кадрларды тиімді пайдалануды қажет етеді.

Мемлекеттік білім беру стандарттары білім беру-кәсіби бағдарламаларында көрсетілген негізгі блоктарындағы пәндердің мазмұнына қойылатын талаптарды, оларды меңгерудің жоғары еңбек сыйымдылығын, бітірушілерді дайындауға қойылатын талаптарды көрсетсе де, осы міндеттерді жүзеге асырудың нақты тетіктерін қарастырмаған.

Білім алу үдерісі қазіргі заман талаптарын ескере отырып, біздің ойымызша білім беру үдерісін дәстүрлі ұйымдастыруға Қарағанда жаңа ақпараттық технологияларға бағдарлануы тиіс. Сондықтан да құқықтану аясында мамандарды дайындаудың мемлекеттік білім беру стандарттарын заманауи ағымына сәйкес жетілдіру қажет деп есептейміз.

Білім берудің мақсаты- қазіргі кезбен өткеннің тәжірибесін ұштастыра білетін, өз эрекеттерінің салдарын болжай алатын, бақыланатын құбылыстардың арасындағы себепті байланысты анықтап, күрделі өмірлік жағдайлар кезінде өзін өзі жүзеге асыруға қабілетті адам. Осындай адамды үш маңызды қасиет: эмбебаптық, үйлесімдік, тұтастық сипаттайды. Жоғаты кәсіби білім берудің мақсаты - эмбебап білімге ие, эмбебап-кәсіби қызметке қабілетті Жоғары

кәсіби білім берудің міндеттері адамның рухани, адамгершілік, құлықтылық, интеллектуалдық және психофизиологиялық потенциалын жоғары деңгейде ашу.

Яғни, жоғары кәсіби білім беру жүйесі келесі хұзыреттегі кәсіби маманды дайындауға бағытталуы керек. Рухани хұзырет - өзін ұлттық және жалпы адами мәдениеттің құндылықтарының тасымалдаушысы ретінде сезіну қабілеті. Әлеуметтік хұзырет әлеуметтік белсенділік және азаматтық толығымен сипатталады. Құлықтылық-этикалық хұзырет - өзінің кәсіби міндеттерін адал және сапалы орындауға бағытталғандық. Арнайы хұзырет - маманға өзінің кәсіби қызметінің міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік беретін білім, машық түрінде көрінеді. Психо-физиологиялық хұзырет - маманға өзінің кәсіби міндеттерін атқару барысында туындайтын әртүрлі жағдайларға дұрыс жауап қайтара алу қабілетін білдіреді. Жеке хұзырет - өзіндік стиль мен қызмет әдісі негізіне қаланған қасиеттер жиынтығы.

Сонымен, заңи білім беру жүйесін тиімді жетілдіру - мамандардың кәсіби хұзыреттерін кезекпен дамыту үшін олардың кәсіби қалыптасуының білім беру үлгісін жетілдіруді талап етеді. Кәсіби қалыптасудың білім беру үлгісі келесі ұғымдардан **тұрады**.

Заңи білім беру - білім **ошағының** әлеуметтік мәдени кеңістігінде заңгердің **үздіксіз** тұлғалық-кәсіби қалыптасу **үрдісі**.

Кәсіби хұзырет - кәсіби сана-сезімнің жоғары деңгейіне жетуден тұратын **заңи** білімнің нәтижесі.

Кәсіби өзіндік даму - тұлғалық кәсіби позициялардың қалыптасуына көмектесетін, шығармашылық қабілеттерді қалыптастыратын, заңи қызметте тұлғаның жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін заңи қызметтің субъектілерінің қасиеттерін ашу үрдісі.

Кәсіби хұзыретті заңгерлерді дайындау ізгілік, жариялылық, жүйелік, шығармашылық, тұлғалық, топтық және жеке оқыту бірлігі қағидаларына негізделуі қажет.